



**«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы»
КЕАҚ Түркістан облысы бойынша филиалы Түркістан
қаласының заңды тұлғаларды тіркеу бөлімі
Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы
анықтама**

БСН 180440010531

бизнес-сәйкестендіру нөмірі

Түркістан қаласы

2024 жылғы 5 ақпан

(елді мекен)

Атауы:

"Нүркәусар.А" бөбекжай балабақшасы" жауапкершілігі
шектеулі серіктестігі

Орналасқан жері:

Қазақстан, Түркістан облысы, Түркістан қаласы, Теріскей
көшесі, Өтпе жолы 2 1 ғимарат, пошта индексі 161227

Басшы:

Заңды тұлғаның уәкілетті органымен
тағайындалған(таңдалған) басқарушы
МАЙМАҚОВА ШОЛПАН ӨСЕРБАЙҚЫЗЫ

**Құрылтайшылар
(қатысушылар,
бастамашы азаматтар):**

АМИРБЕКОВ РУСЛАН АКИЛХАНОВИЧ

**Алғашқы мемлекеттік
тіркеу күні:**

2018 жылғы 7 сәуір

**Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес анықтама заңды тұлғаның
мемлекеттік тіркелгенін растайтын құжат болып табылады**


Берілген күні: 14.05.2026

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-ІІ Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-ІІ «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе.

Электрондық құжаттың түпнұсқалығын Сіз egov.kz сайтында, сондай-ақ «электрондық үкімет» веб-порталының мобильді қосымшасы арқылы тексере аласыз.

Проверить подлинность электронного документа Вы можете на egov.kz, а также посредством мобильного приложения веб-портала «электронного правительства».



*Штрих-код ГБДЮЛ ақпараттық жүйесінен алынған «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕ АҚ электрондық-цифрлық қолтаңбасымен қойылған деректер бар.

*Штрих-код содержит данные, полученные из информационной системы ГБДЮЛ и подписанные электронно-цифровой подписью НАО «Государственная корпорация «Правительство для граждан».

**«Нұркәусар.А» БӨБЕКЖАЙ БАЛА-БАҚШАСЫ»
ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІНІҢ
ЖАРҒЫСЫ**

- 1.1. «Нұркәусар.А» БӨБЕКЖАЙ БАЛА – БАҚШАСЫ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (бұдан әрі – Мектепке дейінгі ұйым) Қазақстан Республикасының Заңдары бойынша заңды тұлға болып табылады.
- 1.2. Мектепке дейінгі ұйым өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Заңдарын, осы Қағидалар мен мектепке дейінгі ұйымдар жарғысын және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерін басшылыққа алады.
- 1.3. Жұмыскерлерінің жылдық орташа саны елу адамнан аспайтын және жылдық орташа табысы республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 01 қаңтарында қолданыста болған айлық есептік көрсеткіштің алпыс мың еселенген мөлшерінен аспайтын, Мектепке дейінгі ұйым жүзеге асыратын Заңды тұлғалар шағын кәсіпкерлік субъектілері болып табылады.
- 1.4. «Нұркәусар.А» БӨБЕКЖАЙ БАЛА – БАҚШАСЫ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, БСН 180440010531 мемлекеттік тіркелген (07.04.2018 жылғы) сәттен бастап құрылды және заңды тұлға құқығы бар.
- 1.5. Ұйымдық құқықтық түрі – жауапкершілігі шектеулі серіктестік
- 1.6. Мектепке дейінгі ұйымның фирмалық атауы: мемлекеттік тілінде. «Нұркәусар.А» БӨБЕКЖАЙ БАЛА – БАҚШАСЫ » жауапкершілігі шектеулі серіктестігі. Қысқаша: «Нұркәусар.А» БӨБЕКЖАЙ БАЛА – БАҚШАСЫ » ЖШС
- орыс тілінде: товарищество с ограниченной ответственностью «ДЕТСКИЙ ЯСЛИ – САД «Нуркаусар.А»
қысқаша: ТОО «ДЕТСКИЙ ЯСЛИ – САД «Нуркаусар.А»
- 1.7. Мектепке дейінгі ұйымның тұрған орны: Қазақстан Республикасы, Түркістан облысы, Түркістан қаласы, Теріскей көшесі 2/1 пошта индексі 161200
- 1.8. Мектепке дейінгі ұйымның қызмет мерзімі шектелмеген.

2. МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ СТАТУСЫ

- 2.1. Мектепке дейінгі ұйымдар бір жастан бастап мектеп жасына дейін жеткенше тәрбиеленушілерді тәрбиелеп, оқыту, дамуындағы ауытқуды түзету және әлеуметтік бейімдеу, дамыту және медициналық бақылау, сондай – ақ қарау, бағу және сауықтыру бойынша мемлекеттік білім беру тапсырысын, мемлекет қаржыландыратын қызмет көрсету көлемін, оның ішінде балаларға инклюзивті білім беруді іске асыру үшін орындауды қамтамасыз етеді.
- 2.2 Мектепке дейінгі ұйым коммерциялық ұйым болып табылады, азаматтық құқықтары бар және оның қызметіне байланысты, Қазақстан Республикасының заңдары тыйым салмаған кез келген қызмет түрлерін атқаруға қажетті міндеттемелері бойынша жауап береді.
- 2.3 Мектепке дейінгі ұйымның қаржы – шаруашылық қызметі мүлктік, экономикалық және қаржылық дербестік негізінде атқарылады.
- 2.4 Мектепке дейінгі ұйымның дербес балансы, банкіде есеп айырысу және басқа да есеп шоттары, орыс, қазақ немесе ағылшын тілдерінде өзінің аты жазылған бұрыштама мөрлері, бланкілері, логотипі және басқа да атрибуттары бар.
- 2.5 Мектептегі дейінгі ұйым құзырлы мемлекеттік органдарында мемлекеттік тіркеуге алынып ол туралы Қазақстан Республикасы бизнес сәйкестендіру номерінің Ұлттық тізілімі жазу енгізілген сәттен заңды тұлғаның құқықтарына иеленеді.
- 2.6 Мектепке дейінгі ұйымның меншіктік құқығында оқшауланған мүлігі бар, өз міндеттемелері бойынша тек қана Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауап береді. Мектепке дейінгі ұйым заңда көрсетілген жағдайлардан өзге жағдайларда өзінің Қатысушысының міндеттемелері бойынша жауап бермейді.
- 2.7 Мектепке дейінгі ұйым Қазақстан Республикасының Заңдары белгіленген шектерінде өзіне тиісті мүлкті иеленеді, пайдаланады, және қажетке жаратады.
- 2.8 Мектепке дейінгі ұйымдарының Қатысушысы оның міндеттемелері бойынша жауап береді және қаржылық капиталға өзі қосқан салымының шеңберінде мектепке дейінгі ұйымдарының қызметіне байланысты шығындарға тәуекелділік етеді.
- 2.9 Мектепке дейінгі ұйым өз атынан мәмілелерге отыра алады, мүлктік және жеке мүлктік емес құқықтарға иелене алады және міндетті бола алады, сонымен қатар Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмейтін басқа да іс әрекеттерді атқара алады.
- 2.10 Мектепке дейінгі ұйым Қазақстан Республикасында және шет елдерде филиалдар мен өкілдіктерді аша алады, оларға өз мүлігі есебінен негізгі және айналмалы қаражаттар бөліп бере алады және олардың қызмет тәртібін белгілей алады.
- 2.11 Сонымен қатар Мектепке дейінгі ұйым Қазақстан Республикасының Заңдары тыйым салмаған және осы жарғы қарастырған басқа да құқықтарды жүзеге асыра алады.

**3. МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ ҚАТЫСУШЫСЫ. МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМ
ҚАТЫСУШЫСЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ**

- 3.1. Мектепке дейінгі ұйымдарының Қатысушысы Мектепке дейінгі ұйым құрылғаннан кейін оның мүлкінің үлесіне құқық алған тұлғалар болып табылады.

3.2. Мектепке дейінгі ұйымдарының Қатысушысы ретінде Қазақстан Республикасы мен шет елдердің заңды және жеке тұлғалары бола алады.

3.3. Мектепке дейінгі ұйымдарының Қатысушысы болып табылатын: Қазақстан Республикасының азаматы Амирбеков Руслан Асылханович ИИН 890603301258

Мекен жайы: Қазақстан Республикасы, Түркістан облысы, Түркістан қаласы, Қаратал 28 көше

3.4. Қатысушылардың құқықтары:

1. Қазақстан Республикасының заңдары және осы Жарғы қарастырған тәртіп бойынша Мектепке дейінгі ұйымдарының басқару істеріне қатысу;

2. Жарғы қарастырған тәртіп бойынша Мектепке дейінгі ұйымдарының қызметі туралы ақпарат алуға және оның бухгалтерлік және басқа да құжаттамаларымен танысуға;

3. Қазақстан Республикасының заңдары осы Жарғыға сәйкес Мектепке дейінгі ұйым қызметінен тускен пайданы алуға;

4. Мектепке дейінгі ұйым таратылған жағдайда, несие берушілермен есеп айырысқаннан кейін қалған мүлік бөлігінің құнын алу, немесе Мектепке дейінгі ұйымдарының барлық қатысушыларының келісімі бойынша сол мүліктің бір бөлігін заттай алу;

5. Серіктестіктегі өз қатысуын Қазақстан Республикасының заңдарына және осы жарғысына сәйкес үлесін шеттету арқылы тоқтату;

6. Қазақстан Республикасының заңдарына және осы Жарғысына сәйкес, олардың, Мектепке дейінгі ұйымның құқықтарын бұзған органдардың шешімдеріне сот тәртібімен дау айтуға құқылы.

3.5. Қатысушының міндеттері:

1. Осы жарғының талаптарын қадағалау;

2. Мектепке дейінгі ұйым Жарғылық капиталына Құрылтай келісімі қарастырған тәртіп бойынша, мерзімдерде және мөлшерлерде салымдар қосу;

3. Мектепке дейінгі ұйым құпия деп есептеген ақпаратты жарияламау;

4. 3.3. баптың осы жарғысында мәлімдеулерінің өзгертуі туралы атқару органға хабарлауға міндетті.

Қатысушылар Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмейтін, басқа да міндеттерді көтеріп, басқа да құқықтарға иелене алады.

3.6. Мектепке дейінгі ұйымдарымен Қатысушысы өз қалауы бойынша Мектепке дейінгі ұйымдарының мүлкіндегі өз үлесін немесе оның бір бөлігін үшінші тұлғаларға сатуға немесе басқа жолмен беруге құқылы. Сол сияқты Мектепке дейінгі ұйымдарымен Қатысушы, үшінші тұлғалар алдындағы өз міндеттемесін қамтамасыз ету үшін үлесін (оның бір бөлігін) кепілге беруге құқылы. Мектепке дейінгі ұйым мүлкіндегі үлес кепілдігі Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес тіркеледі.

3.7. Қазақстан Республикасының заңдары және осы жарғының талаптарын сақтай отырып, Мектепке дейінгі ұйымдарға жаңа Қатысушыны қабылдау, Мектепке дейінгі ұйымдарының Қатысушысымен жаңадан кірген Қатысушының құрылтай шарт жасалуымен рәсімделеді.

3.8. Қайтыс болған Қатысушының мұрагерлеріне үлестің ауысуы және олардың арасында бөлінуі Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде белгілеген тәртіппен жүргізіледі.

3.9. Шығып кеткен Қатысушының (оның бір бөлігін) сатып алу нәтижесінде немесе ауысуының өзге негіздері бойынша Мектепке дейінгі ұйымдарымен Қатысушы болған адам үлеске деген құқық өзіне аусқан кезеңінен бастап серіктестіктің жарғысына сай ие болады.

4. МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМНЫҢ МАҚСАТЫ МЕН ҚЫЗМЕТІ.

4.1 Мектепке дейінгі ұйымдарының негізгі мақсаты бір жастан алты (жеті) жасқа дейінгі балаларды тәрбиелеуді, оқытуды, бағуды, күтуді және сауықтыруды қамтамасыз етеді.

4.2 Мектепке дейінгі ұйымдарының басымды міндеттері мыналар:

- Балалардың өмірін және денсаулығын қорғау;
- Тәрбиеленушілердің, оның ішінде ерекше білім беру қажеттілігі және жеке мүмкіндіктері бар тәрбиеленушілердің дене, зияткерлік және жеке тұлғалық дамуын қамтамасыз ететін оңтайлы жағдайлар жасау;
- Сапалы мектепалды даярлықты қамтамасыз ету;
- Баланың толыққанды дамуын қамтамасыз ету үшін отбасымен өзара іс-қимыл жасау;
- Ата-аналарға тәрбиелеу, оқыту, дамыту және денсаулығын қорғау бойынша консультативтік және әдістемелік көмек көрсету болып табылады;
- Мүмкіншілігі шектеулі балаларға коррекциялық көмек көрсету, дамыту (логопед, дефектолог, психолог, ЛФК, массаж, физиеомдеу т.б.), сөйлеу тілінде кемістігі бар және ПДТ балаларға арнаулы (инклюзивті) топтар ұйымдастыру, логопедиялық пункттер және түзету кабинеті жұмысын еңгізу, аурушаң және қан тапшылығымен ауыратын балаларға топтар құру.
- Ағылшын және орыс тілдерінде бейімделіп оқытатын топтар құру;
- Ғылыми практикалық оқу семинарларын, шеберлік сабақтар өткізу, студенттерге арналған өндірістік практикалық база ұйымдастыру;
- Арнаулы мамандар (педиатр, психиатр, невролог, дефектолог) кеңесін алу, психокоррекциялық бағдарламаларды түзу және тәжірибе негізінде еңгізу;

4.3 Мектепке дейінгі ұйым алғашқы медициналық – санитариялық көмек көрсетудің аумақтық медициналық ұйымдарымен бірлесіп балаларды ағымдық медициналық бақылауды, иммундауды және профилактикалық тексерулер ұйымдастыруды қамтамасыз етеді, оны мектепке дейінгі ұйымның штатына кіретін медициналық

кызметкерлер жүзеге асырады. Мектепке дейінгі ұйымдардың педагогикалықкызметкерлері Қазақстан Республикасының заңдары белгіленген тәртіппен жыл сайын тегін медициналық тексеруден өтеді.

4.4 Мектепке дейінгі ұйым балаларды теңгерімді тамақтандыруды қамтамасыз етеді. Балаларды тамақтандыру жас ерекшеліктерін, жұмыс режимін ескере отырып жүргізіледі, оның жиілігі Қазақстан Республикасының халықтың санитариялық – эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілеріне және жарғыға сәйкес айқындалады.

4.5 Мектепке дейінгі ұйым тәрбиеленушілерінің тамақтану мәдениетін қалыптастыруды, оның ішінде пайдалы теңгерімді тамақтануды әрі табиғи және жана піскен өнімдерді тұтынуды насихаттау арқылы қамтамасыз етеді.

5. МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМНЫҢ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ БІРЛІГІ

5.1 Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының негізгі құрылымдық бірлігі мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілер тобы болып табылады.

5.2. Топтар жас ерекшелігі бір немесе жас ерекшелігі әртүрлі қағидаты бойынша жасакталады.

5.3. Мектепке дейінгі ұйымдар топтарының толымдылығы Қазақстан Республикасының халықтың санитариялық – эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жүзеге асырылады.

5.4. Топтар тәрбиеленушілердің болу уақыты бойынша бөлінеді және мынадай режимде жұмыс істейді:

1. толық күн болу;
2. жарты күн болу;
3. тәулік бойы болу.

5.5 Мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру бөбекжай бала – бакша өз қызметін бес күндік жұмыс тәртібімен, тәрбиеленушілердің бала-бакшада 08:00-18:00ге дейін болуы арқылы іске асырады.

6. БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ МАҚСАТЫ. ІСКЕ АСЫРЫЛАТЫН БІЛІМ БЕРУ (ҚЫЗМЕТІНІҢ МӘНІ).

6.1 Мектепке дейінгі ұйымдарының білім беру процесінің мақсаты болып табылатындар:

- Білім беру қызметі;
- Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту үшін білім беру ұйымдарын ұйымдастыру;
- Білім беру ұйымдарында бір жастан алты (жеті) жасқа дейінгі балаларды тәрбиелеуді, оқытуды, бағуды, күтуді және сауықтыруды жүзеге асырады, олардың физикалық және психикалық денсаулығының қорғалуын және нығайтылуын жеке ерекшеліктерінің дамытылуын қамтамасыз етеді;
- Бес (алты) жастағы балалардың мектеп алды жалпы білім беру бағдарламасына сай дайындығын жүргізеді;
- Балалардың Мектепке дейінгі ұйымдарында болу уақыты ата-аналардың өтініші негізінде Менгерушінің рұқсаты бойынша қосымша ақы төлеу арқылы ұзартылады;
- Балалардың Мектепке дейінгі ұйымда болған кезеңінде, оларға күн тәртібіне сәйкес, үш мезгілден кем емес тамақ беруді ұйымдастырады;
- Жалпыға бірдей білім беру бағдарламасы негізінде баланың шығармашылық ой-өрісінің, ынтасы, білімге құштарлығының қалыптасуына бағытталған қабілеттерінің жан-жақты дамуын қамтамасыз етеді;
- Мектеп жасына дейінгі балаларда, ұлттық және жалпы адами құндылықтар, Отанға деген сүйіспеншілік, отаншылдық негізінде адами көзқарасының, ҚР мемлекеттік рәміздерді өзін-өзі және қоршағандарды құрметтеуді қалыптастырылуын қамтамасыз етеді;
- Мектепке дейінгі ұйымға келетін төменгі топтағы балалардың дүниетанымдық белсенділігін жетілдіру және дамыту;
- Тәрбиеленушілердің олардың физикалық денсаулығын дамыту жолымен белсенді қимыл-ойынға деген ынтасын қалыптастыру;
- Тәрбиеленушілердің ата-аналарымен өзара әрекеттестікті қамтамасыз етеді және оларға балалармен қарым-қатынастың, тәрбиелеу және оқытудың педагогикалық технологиясын менгеруіне жәрдемдеседі.

6.2 Мектепке дейінгі ұйымдар өз қызметін мынадай кезеңдер бойынша ұйымдастырады:

- 1 маусым мен 31 тамыз аралығында – жазғы сауықтыру кезеңі;
- Мектепалды даярлық сыныптарындағы оқу процесі ағымдағы жылғы 1 қыркүйек пен келесі жылғы 25 мамыр аралығында жүзеге асырылады. Оқу жылы ішінде каникулдар белгіленеді;
- 1 қыркүйекте 6(7) жасқа толған балалар мектепке дейінгі ұйымнан жыл сайын 1 тамызға дейін босатылады;
- Балаларды бір жас тобынан басқасына ауыстыру ағымдағы жылғы 1-31 тамыз аралығында жүзеге асырылады.

7. МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМҒА ҚАБЫЛДАУ ТӘРТІБІ

7.1. Балаларды мектепке дейінгі ұйымға қабылдау Қазақстан Республикасының білім саласындағы уәкілетті органы бекіткен мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарттарына сәйкес жүзеге асырылады.

7.2. Балаларды тұрақты немесе уақытша орналасуға қабылдау онда бос орынның болуына қарай жыл бойы жүргізіледі.

7.3. Елді мекеннің ішінде бір мектепке дейінгі ұйымнан басқасына орын алмастыру жас топтары сәйкес келген жағдайда, ата-аналардың және мектепке дейінгі ұйым басшыларының келісімімен жүзеге асырылады.

7.4. Мектепке дейінгі ұйымдарда баланың орны мынадай:

1. Баланың ауырып, медициналық, санаторийлік-курорттық және өзге де ұйымдарда емделген, сауықтырылған (көрсетілімі бойынша анықтама ұсынған жағдайда);
2. Ата-анасының біреуіне немесе баланың өзге де заңды өкіліне еңбек демалысы берілген және бала жаз маусымында екі айға дейінгі мерзімде сауықтырылған (жазбаша өтінішті ұсынған) жағдайларда сақталады.
- 7.5. Басшы баланы мектепке дейінгі ұйымдардан мынадай:
 1. баланы ұстау үшін ай сайынғы төлемақы уақтылы төленбеген (төлемақыны белгіленген мерзімнен күнтізбелік 15 күннен астам кешіктіру);
 2. бала бір айдан астам дәлелсіз себеппен және әкімшілікке ескертпей келмеген;
 3. Дәрігерлік консультациялық комиссия анықтамасының негізінде баланың келуіне кедергі болатын медициналық қарсы көрсетілімдер болған жағдайларда шығарады

8. БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ (ОҚЫТУ ТІЛІ(ТІЛДЕРІ) МЕН ТӘРБИЕ. ТӘРБИЕЛЕНУШІЛЕРДІҢ ОҚУ САҒАТЫНЫҢ ТӘРТІБІ.

- 8.1. Мектепке дейінгі ұйымдарының оқу-әдістемелік қызметі Қазақстан республикасы Үкіметімен бекітілген тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік ережелеріне сәйкес іске асырылады.
- 8.2. Мектепке дейінгі ұйымдарының оқу-тәрбие қызметі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарынегізінде әзірленген оқу жоспары мен бағдарламаларына сәйкес іске асырылады.
- 8.3. Мектепке дейінгі ұйым Қазақстан Республикасының Конституциясына және Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілін білу мен дамытуды, ата-аналардың таңдауы негізінде ана тілінде білім беруді, сондай-ақ мемлекеттік стандартқа сәйкес орыс тілін және бір шетел тілін (ағылш. тілі) үйренуді қамтамасыз етеді.
- 8.4. Мектепке дейінгі ұйымдарының тәрбие бағдарламалары білім беру бағдарламаларының құрамдас бөлігі болып табылады және білім алушылардың елжандылық азаматтық, интернационалдық, жоғары моральдық және адамгершілік сезімін қалыптастыруға, сондай-ақ жан-жақты ынта-ықыласы мен қабілеттерін дамытуға бағытталуға тиіс.
- 8.5. Мектепке дейінгі ұйымдарыда нәсілдік, ұлттық, діни, әлеуметтік ымырасыздық пен ерекшелікті насихаттауға, милитаристік және халықаралық құқық пен ізгіліктің жалпы танылған принциптеріне қайшы келетін өзге идеяларды таратуға тыйым салынады.

9. АТТЕСТАТТАУДЫҢ ФОРМАСЫ МЕН ЖҮРГІЗУ ТӘРТІБІ.

- 9.1. Ведомстволық бағыныстығына қарамастан, білім беру ұйымдары, оның ішінде жаңадан құрылғандары, сондай-ақ мектепке дейінгі ұйымдардың басшылары және педагог қызметкерлері Қазақстан Республикасының заңдары белгіленген тәртіппен аттестаттаудан өтеді.
- 9.2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұнының, деңгей мен сапасының мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпыға міндетті мемлекеттік стандарты талаптарына сәйкестігін анықтау үшін аудандық (қалалық) білім беру мектепке дейінгі ұйымдарды мерзімділігі бес жылда бір рет мемлекеттік аттестаттауды жүргізеді. Жаңадан құрылған мектепке дейінгі ұйымдарды аттестаттау үш жылдан кейін өткізіледі.

10. АҚЫЛЫ ҚЫЗМЕТТІ ҰСЫНУ ТӘРТІБІ МЕН ТІЗБЕСІ

- 10.1. Мектепке дейінгі ұйымдар мектепке дейінгі ұйым басшысы белгіленген тәртіппен білім беру, сауықтыру сипатындағы қосымша ақылы қызметтер көрсетеді. Ақылы қызметтер көрсетуден түскен қаражат мамандарға еңбекақы төлеуге, құралдар сатып алуға, тиісті дамытушы орта құруға бағытталады.
- 10.2. Мектепке дейінгі ұйым мен ата-аналар немесе оларды алмастыратын тұлғалар арасындағы өзара қарым-қатынастар баланы мектепке дейінгі ұйымға қабылдаған кезде жасалатын Шартпен реттеледі. Шартта баланың мектепке дейінгі ұйымға бару режимі, тамақтану сапы, қосымша білім беру, сауықтыру қызметтерін көрсету деңгейі және мерзімі, мектепке дейінгі ұйымда баланы ұстау ақысының мөлшері, қосымша ақылы қызметтер және өзге де жағдайлар айқындалады.

11. МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАҒЫ ОҚЫТУ-ТӘРБИЕЛЕУ ПРОЦЕСІ

- 11.1. Оқыту-тәрбиелеу процесінің негізгі қатысушылары балалар, ата-аналар немесе заңды өкілдер, педагог қызметкерлер болып табылады.
- 11.2. Мектепке дейінгі ұйымдағы оқыту-тәрбиелеу процесі мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты негізінде бағдарламаларға және оқу жоспарларына сәйкес жүзеге асырылады, сондай-ақ мектепке дейінгі ұйымның жарғысымен айқындалады.
- 11.3. Мектепке дейінгі ұйымдардың педагогтері тиімді оқыту-тәрбиелеу процесін қамтамасыз ету мақсатында баламалы авторлық бағдарламаларды дербес тандайды және қолданады, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын сақтау шартымен тәрбиелеудің, оқытудың және сауықтырудың жаңа технологияларын енгізеді.
- 11.4. Мектепке дейінгі ұйым тәрбиеленушісінің, ата-аналары мен, қызметкерлерінің қарым-қатынасы оқыту-тәрбиелеу процесіне қатысушылардың өзара сыйластығы және жеке ерекшеліктеріне сәкес тәрбиеленушіге даму еркіндігін ұсынуды ескере отырып, ынтымақтастық негізде құрылады.
- 11.5. Тәрбиелеу-білім беру процесін қамтамасыз етуде мектепке дейінгі ұйымдағы әр балаға мыналарға кепілдік беріледі;
 - Оның өмірі мен денсаулығын сақтау;

- Оның қадір-қасиетін қорғау;
- Дене, моральдық немесе психикалық зорлықтың барлық нысандарынан қорғау;
- Оның шығармашылық қабілеттері мен ынтасын дамыту;
- Сапалы мектепалды даярлау;
- Бейімділігіне, қабілеттеріне, қалауына және денсаулық жағдайына сәйкес қосымша білім беру, сауықтыру қызметтерін алу.

11.6. Мектепке дейінгі ұйым мен ата-аналар немесе оларды алмастыратын тұлғалар арасындағы өзара қарым-қатынастар баланы мектепке дейінгі ұйымға қабылдаған кезде жасалатын Шартпен реттеледі. Шартта баланың мектепке дейінгі ұйымға бару режимі, тамақтану саны, қосымша білім беру, сауықтыру қызметтерін көрсету деңгейі және мерзімі, мектепке дейінгі ұйымда баланы ұстау ақысының мөлшері, қосымша ақылы қызметтер және өзге де жағдайлар айқындалады.

11.7. Мектепке дейінгі ұйымдарда оқу-тәрбие процесі тәрбиеленушілердің денсаулығы жағдайы ескеріле отырып жүргізіледі. Мектепке дейінгі ұйымдарда аурудың алдын алуға, денсаулықты нығайтуға, дене шынықтыруға, тәрбиеленушілерді салауатты өмір сүруге ынталандыруға қажетті шаралар орындалуы қамтамасыз етіледі.

11.8. Оқу жүктемесін, тәрбиеленушілердің сабақ тәртібін мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттар, денсаулық сақтау және білім беру органдарының оқу жоспарлары негізінде дайындалған, Мектепке дейінгі ұйым бекіткен ережелер анықтайды.

11.9. Денсаулық сақтау жүйесінің ұйымы тәрбиеленушілердің денсаулығына жүйелі бақылауды, медициналық қызмет көрсетуді жүзеге асырады.

11.10. Мектепке дейінгі ұйымдарының педагогтары Қазақстан Республикасының заңдары белгілеген тәртіпте жыл сайын медициналық тексерілуден өтеді.

11.11. Сабақ кестесінде тәрбиеленушілердің тамақтануы мен белсенді демалуы үшін жеткілікті үзіліс қарастырылуы қажет.

11.12. Мектепке дейінгі ұйымдарда демалыс, оқыту мен тәрбиелеудің қауіпсіз жағдайларын жасау жауапкершілігі Басшы мен Қатысушыға, ал бақылау, сәйкес органдарға жүктеледі.

11.13. Тәрбиеленушілердің ата-аналары мен басқа заңды өкілдерінің мынаған құқығы бар:
Баланың қабілеті, жеке бейімділігін, тілегін ескере отырып білім беру ұйымын таңдауға;
Ата-аналар комитеті арқылы білім беру ұйымдарын басқару органдарының жұмыстарына қатынасу;
Оқыту тілін таңдау;

Баласының оқу жағдайлары мен тәртібі, ұлгерімі туралы Серіктестіктен мәлімет алып тұру;
Өз балаларын оқыту мен тәрбиелеу мәселелері бойынша кеңестік көмек алу;

11.14. Ата-аналар мен басқа заңды өкілдер мынаған міндетті
• Балалардың өмірі мен оқуы үшін қауіпсіз, жақсы жағдайлар жасау, олардың адамгершілік қасиеттерін, парасаттылығын дамуын және дене шынықтыруын қамтамасыз ету

- Бес (алты) жасында балалардың мектепке барар алдындағы дайындығын қамтамасыз етуге, ал алты жастан бастап жалпы білім беретін мектепке беруге;
- Білім беру ұйымдарымен бірге жұмыс істеу;
- Мектепке дейінгі тәрбиеленушілердің сабаққа қатысуын қадағалау.

12. МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМ ҮШІН ҚАТЫСУШЫ БЕКІТКЕН ЖЕКЕ МЕНШІК ОБЪЕКТІЛЕРДІ ПАЙДАЛАНУ ТӘРТІБІ

12.1. Жеке меншік объектілерді пайдалану тәртібі Қазақстан Республикасының Заңдарында белгіленген тәртіпте іске асады.

12.2. Мектепке дейінгі ұйым Қазақстан Республикасының Заңдарына сәйкес, оның атына Қатысушы бекіткен мүлікке ие болуға және оны пайдалануға құқығы бар.

13. ҚЫЗМЕТ ПРОЦЕСІНДЕ ПАЙДА БОЛҒАН МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМ МҮЛКІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ТӘРТІБІ

13.1. Мектепке дейінгі ұйымдарының материалдық-техникалық базасының құрылуы және дамуы Қатысушының қаржысы есебінен және Заңда белгіленген басқа да көздердің есебінен жүзеге асырылады.

13.2. Қазақстан Республикасындағы білім беру саласының орталық атқару органдарының келісімі бойынша, белгіленген заңдары тәртібінде Жекешелендіру жолымен босатылған ғимараттарды мемлекеттік білім беру ұйымдарының материалдық базасына берілуі мүмкін.

14. ҚАРЖЫЛАНДЫРУ КӨЗДЕРІ, МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМ ҚЫЗМЕТІН МАТЕРИАЛДЫҚ-ТЕХНИКАЛЫҚ ҚАМТАМАСЫЗДАНДЫРУ.

14.1. Серіктестіктің қаржыландыруы білім беру қызметтерін сату есебінен, қатысушының қаржысы, кәсіпкерлік қызмет, мемлекеттік білім беру тапсыры орналастырылған кезде, мемлекеттік бюджет қаржысы есебінен қаржыландыруы және басқа да Қазақстан Республикасының Заңдарында тыйым салынбаған көздер есебінен жүзеге асырылады.

14.2. Басқада қаржылық және материалдарды түсімдерді, сондай-ақ, валюталық түсімдерді Қазақстан Республикасының Заңдарында белгіленген тәртіпте Мектепке дейінгі ұйымдарымен пайдаланылады.

15. КӘСІПКЕРЛІК ІС-ӘРЕКЕТТІҢ ТҮРЛЕРІ

- 15.1. Мектепке дейінгі ұйым білім беруден басқа да акылы қызмет есебінен пайда әкелетін кәсіпкерлік іс-әрекетпен айналысуы мүмкін.
- 15.2. Ата-аналардан немесе заңды өкілдерден алынатын ай сайынғы төлемақы мөлшері:
Мемлекеттік білім беру тапсырысы орналастырылғандарды қоспағанда, жекеменшік Мектепке дейінгі ұйымдарда мектепке дейінгі ұйымның Қатысушысы белгілейді.
- 15.3. Осы іс-әрекеттен түскен кірісті (пайда) тарату тәртібін Мектепке дейінгі ұйым дербес анықтайды.
- 15.4. Кәсіпкерлік іс-әрекеттен түскен кіріс жарғылық мақсаттарға жету үшін пайдалынады.

16. МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ МҮЛІГІ. ЖАРҒЫЛЫҚ КАПИТАЛЫ, ӨЗГЕ КАПИТАЛДАРЫ

- 16.1. Мектепке дейінгі ұйымдарының мүлігі Мектепке дейінгі ұйым Қатысушының салымдарынан (Жарғылық капиталы), түскен пайдадан, сонымен қатар Қазақстан Республикасының Заңдары тыйым салмаған негіздері бойынша иеленген басқа да мүліктен құрылады.
- 16.2 Мектепке дейінгі ұйым төмендегіге иеленеді:
1. Қатысушы мектепке дейінгі ұйымдарына берген мүлікке;
 2. қызмет атқару нәтижесінде түскен пайдаға.
 3. Қазақстан Республикасының Заңдары тыйым салмаған негіздері бойынша иеленген басқа да мүлікке.
- 16.3. Мектепке дейінгі ұйым қызметін қамтамасыз ету үшін, Жарғылық капитал Қатысушының салымын қосу арқылы құрылады. Жарғылық капиталға салым ретінде ақша, құнды қағаздар, мүлік, мүліктік қағаздар, соның ішінде, жерді пайдалану құқығы мен парасат қызметтерінің нәтижелері, егер салымдарының бөлек түрлеріне Заңнамалармен тыйым салынбаса, басқа да мүліктер бола алады.
- 16.4. Мектепке дейінгі ұйым Жарғылық капиталының мөлшері 1000000 теңге. Жарғылық капитал Серіктестікті мемлекеттік тіркеуге алмай тұрып толық қалыптасқан.
- 16.5. Жарғылық капиталдың көбейтуі оны толығымен төлегеннен кейін рұқсат етіледі. Жарғылық капиталдың көбейтуі төмендегі жолдармен жүзеге асырылады:
1. Мектепке дейінгі ұйымдарының барлық Қатысушысының пропорционал қосымша жарналары арқылы
 2. Мектепке дейінгі ұйымдарының меншікті капиталы есебінен, оның ішінде Резервтік капитал есебінен, Жарғылық капиталды көбейту арқылы;
 3. Қатысушының қосымша салымы арқылы
 4. Мектепке дейінгі ұйым құрамына жаңа Қатысушыларды қабылдау арқылы.
- 16.6. Мектепке дейінгі ұйым жарғылық капиталының азайтуы. Қатысушы салымының мөлшерін сөйкес азайту арқылы жүзеге асырылуы мүмкін.

17. МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ ТАЗА ПАЙДАСЫН ҮЛЕСТІРУ

- 17.1. Өзінің шаруашылық қызметінің нәтижесінде Мектепке дейінгі ұйым алған пайда, салықтар мен басқа міндетті төлемдерді төлегеннен кейін Мектепке дейінгі ұйымдарының меншігінде қалады және Қазақстан Республикасының Заңдарымен осы Жарғыға сәйкес Мектепке дейінгі ұйымдарының қорларын құруға және оның Қатысушымен үлестіру үшін жұмсалады.
- 17.2. Мектепке дейінгі ұйым Қатысушысы бір тұлға бола тұра, жеке Қатысушы өз бетінше Мектепке дейінгі ұйымдарының таза пайдасын үлестіру жөнінде шешім қабылдайды. Қатысушы таза пайданың бір бөлігін өзіне алу туралы шешім қабылдаған жағдайда, Мектепке дейінгі ұйым аталмыш төлемді сондай шешім қабылдаған сәттен бастап бір ай мерзім ішінде ақшалай түрде төлеуге міндетті. Қатысушы таза пайданы үлестіруден бас тарта алады, ол туралы тиісті шешім қабылданады.
- 17.3 Мектепке дейінгі ұйымның Қатысушыға табыстан пайда төлеуі Мектепке дейінгі ұйымдарының таза пайдасынан жылына бір рет төленеді, егер Қатысушы басқаша ұйғармаса.

18. ФИЛИАЛДАР МЕН ӨКІЛДІКТЕР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕРДІ КӨЗДЕУГЕ ТИІС

- 18.1. Мектепке дейінгі ұйым Қазақстан Республикасының Заңдарына сәйкес филиалдар құра алады.
- 18.2. Орналасқан жерінен тыс жерде орналасқан және оның міндеттерінің бәрін немесе бір бөлігін, соның ішінде өкілдік міндетін жүзеге асыратын оқшауланған бөлімшесі филиал болып табылады.
- 18.3. Филиалдар заңды тұлға болып табылмайды. Оларға өздері құрған кодын және мүлкін береді және олар бекіткен ереже негізінде жұмыс істейді.
- 18.4. Филиалдарды тіркеу Қазақстан Республикасының Заңдарында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

19. МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ ҚАТЫСУШЫҒА ЖӘНЕ ҮЛЕСТЕРДІ САТЫП АЛУШЫЛАРҒА МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ АҚПАРАТТЫ ҰСЫНУ ТӘРТІБІ ЖӘНЕ МЕРЗІМІ

- 19.1. Мектепке дейінгі ұйым өз Қатысушысының талабы бойынша оның мүдделерін қорғайтын Мектепке дейінгі ұйымдарының қызметі туралы мәлімет беруге міндетті. Мұндай мәлімет талап етілген күнінен бастап 10 күнтізбелік күн ішінде берілуге тиіс.
- 19.2. Мектепке дейінгі ұйымдарымен Қатысушының мүдделерін қорғайтын мәлімет болып;

1. Мектепке дейінгі ұйым қатысушы қабылданған, атқарушы органының, ревизорының шешімдері және қабылданған шешімдердің орындалуы туралы ақпарат;
2. Мектепке дейінгі ұйымдарының өз капиталы мөлшерінің жиырма бес және одан да көп процентін құрайтын мөлшерде Мектепке дейінгі ұйымдарының қарыз алуы;
3. Жасалған мәміле нәтижесінде Мектепке дейінгі ұйымдарының өз меншігіндегі капиталы мөлшерінің жиырма бес және одан да көп процентін құрайтын соммадағы мүлік сатып алынатын немесе иеленген шығарылатын ірі мәмілені немесе өзара байланыстағы мәмілелерді Мектепке дейінгі ұйымдарының жасауы;
4. Мектепке дейінгі ұйымдарының қандайда болсын қызметтің түрін жүзеге асыруға және (немесе) белгілі бір іс-әрекеттер жасауға лицензиялар алуы, олардың қолданылуын тоқтата тұру немесе тоқтатуы, сондай-ақ Мектепке дейінгі ұйымдарының қандай да болсын қызметтің түрін жүзеге асыруға және (немесе) белгілі бір іс-әрекеттер жасауға бұрын алған лицензияларынан айыру;
5. Мектепке дейінгі ұйымдарының мүлкіне тыйым салу;
6. Нәтижесінде Мектепке дейінгі ұйымдарының баланстық құны Мектепке дейінгі ұйым активтері жалпы мөлшерінің он немесе одан да көп процентін құрайтын мүлкі жойылған төтенше сипаттағы жағдайлардың басталуы;
7. Серіктестікті және (немесе) оның лауазымды тұлғаларын әкімшілік жауапкершілікке тартылуы;
8. Серіктестікті мәжбүрлеп қайта ұйымдастыру туралы шешім;
9. Теңдік, нәтижесі туралы таза табыстарды және зияндарды есептеу;
10. Серіктестіктің жылдық есептеу нәтижесі, қаражаттық-шаруашылық қызметі туралы, аудиторлық есеп (ол бар болса);
11. Мектепке дейінгі ұйымдарының жарғысына сәйкес Мектепке дейінгі ұйым Қатысушының мүдделерін қорғайтын өзге де ақпарат танылады.
- 19.3 Үлес сатып алушыларына Мектепке дейінгі ұйымдарының қызметі туралы мәлімет Қазақстан Республикасының Заңдары және осы жарғыға сәйкес беріледі.
- 19.4 Мұндай мәлімет үлесті сатып алушыдан Мектепке дейінгі ұйымдарының атына жазылған арыз/ұсынысы түскен күнінен бастап 1 (бір) ай ішінде берілуі керек. Мектепке дейінгі ұйымдарының атқару органы мұндай арыз/ұсынысы түскен күнінен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде түскен ұсыныс жөнінде Қатысушыға хабарлар етуге міндетті және Қатысушымен, оның құқықтарына қысым жасамайтын, мәліметтің көлемін келісіп алуға, сондай-ақ Қатысушымен Үлестерді сатып алу туралы алдын ала келісім-шарттың мәтінін келісіп алуға міндетті.
- 19.5. Мектепке дейінгі ұйымдарының қызметі туралы ақпаратты мына шығарылымдарда көрсетіледі: Юридическая газета, Заң газеті, Казахстанская правда, Егемен Қазақстан, Южный Казахстан және Оңтүстік Қазақстанда.

20. МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ ЕСЕП ЖҮРГІЗУІ ЖӘНЕ ЕСЕП БЕРУІ

- 20.1. Мектепке дейінгі ұйымдарының оперативті, бухгалтерлік және статистикалық есебі мен есеп беруі Қазақстан Республикасының нормативтік актілеріне сәйкес жүзеге асырылады.
- 20.2. Мектепке дейінгі ұйым қызметінің қаржылық нәтижелері жылдық бухгалтерлік есебі негізінде анықталады. Мектепке дейінгі ұйымдарының қаржы есеп берулері жыл сайын жасалынады және мектепке дейінгі ұйымдарының, теңгелік болсын, валюталық болсын, шығыстары мен кірістерін көрсетеді.
- 20.3. Мектепке дейінгі ұйымдарының қаржылық жылы күнтізбелік жылымен үйлеседі.

21. МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ БАСҚАРУ ОРГАНДАРЫ

- 21.1. Мектепке дейінгі ұйымдарының басқару органдары:
 - Қатысушы-жоғарғы органы;
 - Басшысы-атқару органы
 Мектепке дейінгі ұйымдарының Қатысушысы ретінде бір тұлға бола тұра, шешімдерді сол қатысушы жеке дара қабылдайды.
- 21.2. Қатысушының, атқарушы органдарының құзыры осы Жарғымен және Қазақстан Республикасының заңдары анықталады.

22. ҚАТЫСУШЫНЫҢ ҚҰЗЫРЫ

- 22.1. Жеке дара қатысушы Мектепке дейінгі ұйымдарының жоғарғы органы болып табылады.
- 22.2. Қатысушы:
 - Басшысының есебін, жылдық балансты, пайдалар мен шығындардың есебін бекітеді
 - Бөбекжай-балабақшасының Басшысын тағайындайды;
 - Оның құзіретіне жататын басқада мәселелерді шешеді.
- 22.3. Қатысушының айрықша құзырына төмендегі мәселелер жатады:
 1. Жарғылық капиталының көлемін, орналасқан жері мен фирмалық атауын өзгертуді қоса алғанда, Мектепке дейінгі ұйымдарының Жарғысын өзгерту не Жарғыны жаңа басылымда бекіту;
 2. Серіктестікті не оның мүлігін сенімді басқаруға беру туралы шешім қабылдау және осындай берудің шарттарын анықтау;
 3. Басшыны тағайындау және олардың әкілеттерін мерзімінен бұрын тоқтату;
 4. жылдық қаржылық есеп беруді бекіту және таза табысты бөлу;

5. ішкі ережелер, оларды қабылдау тәртіптерін және Мектепке дейінгі ұйымдарының ішкі қызметін реттейтін басқа да құжаттарды бекіту, мектепке дейінгі ұйымдарының жарғысында Мектепке дейінгі ұйымдарының өзге органдарының құзіретіне жатқызылған құжаттардан басқа;
6. Өзге шаруашылық серіктестіктерге, сондай-ақ коммерциялық емес ұйымдарға қатысу туралы шешім;
7. Серіктестікті қайта ұйымдастыру не тарату туралы шешім;
8. Тарату комиссиясын тағайындау және тарату баланстарын бекіту;
9. Мектепке дейінгі ұйымдарының бар мүлкін кепілге беру туралы шешім;
10. Мектепке дейінгі ұйымдарының мүлігіне қосымша жарналар қосу туралы шешім;
11. Қатысушы мүмкін өз құзырына жатқызатын басқа да мәселелер;
12. Мектепке дейінгі ұйымдарымен қатысушыға және үлестердісатып алушыларға Мектепке дейінгі ұйымдарының қызметі туралы ақпаратты ұсыну тәртібін және мерзімдерін бекіту.
- 22.4. Мектепке дейінгі ұйым Қатысушысы мектепке дейінгі ұйымдарының қызметімен байланысты кез-келген мәселені қарауына алуға құқылы.
- 22.5. Қатысушы, мектепке дейінгі ұйымдарының ішкі қызметіне қатысты мәселелер бойынша Мектепке дейінгі ұйымдарының өзге де органдарының кез-келген шешімінің күшін жоюға құқылы.
- 22.6. Қатысушысы бір тұлға болған уақытта, оның құзіретіне жататын шешімдерді Қатысушы бір өзі қабылдайды және оларды жазбаша түрде рәсімдейді.

23. МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМ ҚҰРЫЛЫМЫ, БАСҚАРУ ОРГАНЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ТӘРТІБІ, ОЛАРДЫҢ ҚЫЗМЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ТӘРТІБІ МЕН ҚҰЗІРЕТІ.

- 23.1. Мектепке дейінгі ұйымдарды басқару дара басшылық және отандық басқару қағидаттарында құрылады. Алкалық басқару нысандары педагогикалық, қамқоршылық кеңестер болып табылады.
- 23.2. Ағымдағы қызметтеріне басшылық жасауды және оның істерін жүргізуді Қатысушының 5 жыл мерзімге тағайындалатын Басшы жүзеге асырады.
- 23.3. Басшысы:
 1. Мектепке дейінгі ұйымның атынан іс-әрекет жасайды, барлық мемлекеттік және жекеменшік ұйымдарда, кәсіпорындарда оның мүддесін білдіреді;
 2. Қаражаттарды басқарушы болып табылады, шарттар жасайды, сенім хаттар береді, банктерде есептік және басқа да шоттар ашады;
 3. Өзінің құзіреті шегінде мектепке дейінгі ұйым қызметкерлерінің орындауы міндетті бұйрықтар мен өкімдер шығарады, жаза қолданады.
 4. Кадрларды іріктеу мен орналастыруды жүзеге асырады, Қазақстан Республикасының Заңдарына сәйкес қызметкерлерді жұмысқа қабылдау және жұмыстан шығару құқығын пайдаланды;
 5. Белгіленген тәртіппен мектепке дейінгі ұйымны және қызметшілерді аттестаттауды жүргізуді ұйымдастырады. Аттестаттау нәтижелерін, кадрларды орналастыруда ескереді;
 6. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты және санитарлық-гигиеналық нормалар талаптарына сәйкес мектепке дейінгі ұйымдағы тәрбиелеу мен білім беру процессін жүзеге асыру үшін жағдай жасайды.
 7. Балалардың мүдделерін, отбасының қажеттілігін қанағаттандыруға бағытталған қосымша қызметтерді ұйымдастырады.
 8. Бекітілген шағын учаскелер шегінде 1-ден 7-ге дейінгі жастағы балаларды дербес есепке алуды ұйымдастырады.
 9. Баланы мектепке дейінгі ұйымға қабылдаған кезде ата-анасын немесе оларды алмастыратын тұлғаларды мектепке дейінгі ұйымның Жарғысымен және өзге де қабылдау және оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру тәртібін регламенттейтін құжаттармен таныстырады;
 10. Мектепке дейінгі ұйымға бекітілген мүліктің сақталуын және тиімді пайдалануын қамтамасыз етеді;
 11. Қазақстан Республикасының Заңдары белгіленген тәртіппен мыналар:
 - Мектепке дейінгі ұйым тәрбиеленушілерінің, қызметшілерінің құқықтары мен бостандықтарын бұзғаны;
 - Өзінің құзіретіне жататын функцияларды оындамағаны;
 - Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарын орындамағаны;
 - Мектепке дейінгі ұйым тәрбиеленушілері мен қызметшілерінің оқу-тәрбие процессі барысында өмірі мен денсаулығы;
 - Қаржы-шаруашылық қызметтің жай-күйі, оның ішінде материалдық және ақшалай қаражаттарды нысаналы пайдаланбағаны үшін жауап береді;
 - Нормативтік құқықтық актілерде және еңбек шартының талаптарында көзделген өзге де талаптардың бұзылғаны үшін жауапты болады.
- 23.4. Мектепке дейінгі ұйымдар қызметкерлерінің құқықтары мен міндеттері мектепке дейінгі ұйым дербес әзірлейтін ішкі еңбек тәртібі қағидаларында және қызметкерлердің лауазымдық нұсқаулықтарында нақтыланады. Бұл ретте көрсетілген актілерде тіркелетін құқықтар мен міндеттер Қазақстан Республикасының Конституциясына «Білім туралы» Заңға, өзге де заңнамалық актілер мен мектепке дейінгі ұйым жарғысына қайшы келмеуі тиіс.

24. МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ ШТАТЫН ЖИНАҚТАУ, ЕҢБЕКАҚЫ ЖАҒДАЙЫ. ОЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ.

24.1. Білімі және біліктілігінің тиісті деңгейі туралы мемлекеттік үлгідегі құжаттармен расталған, тиісті бейіні бойынша арнайы педагогикалық немесе кәсіптік білімі бар адамдар педагогтік қызметпен айналысуға жіберіледі.

24.2. Мектепке дейінгі ұйымдардағы жұмысқа:

1. медициналық қарсы көрсетілімі бар;

2. психиатриялық және (немесе) наркологиялық диспансерде есепте тұрған адамдар;

Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінде көзделген шектеулер негізінде жіберілмейді.

24.3. Мектепке дейінгі ұйым мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын сақтау шартымен тиімді тәрбиелеу-білім беру процесін қамтамасыз ету үшін (баланың жеке басының шығармашылық, рухани және дене мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік негіздерін және салауатты өмір салтын қалыптастыру) педагогтарға баламалы авторлық бағдарламаларды таңдау, қолдану, тәрбиелеудің, оқытудың және сауықтырудың жаңа технологияларын енгізу құқығын береді.

24.4. Мектепке дейінгі ұйым қызметкерлерінің еңбекақы жүйесі Қазақстан Республикасының Зандарында белгіленген тәртіпте анықталады.

24.5. Мектепке дейінгі ұйым қызметкерлерінің еңбек ақысы мен лауазымды жалақылары олардың біліктілігі мен қызметтік міндеттеріне сәйкес бекітіледі.

24.6. Азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін білім беру саласындағы мамандарға, егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше белгіленбесе, жергілікті өкілді органдардың шешімі бойынша бюджет қаражаты есебінен қызметтің осы түрлерімен калалық жағдайда айналысатын азаматтық қызметшілердің айлықақыларымен және мөлшерлемелерімен салыстырғанда кемінде жиырма бес пайызға жоғарылатылған лауазымдық айлықақылар мен тарифтік мөлшерлемелер белгіленеді.

- коммуналдық қызмет көрсетулерге шығыстарды жабуға және тұрғын үй-жайларды жылыту үшін отын сатып алуға жергілікті өкілді органдардың шешімі бойынша белгіленетін мөлшерде бюджет қаражаты есебінен біржолғы ақшалай өтемақы төленеді.

24.7. Мектепке дейінгі ұйым өзіндегі еңбекақы қаражатының шегінде, сондай-ақ кәсіпкерлік қызмет есебінен үстеме ақы, қосымша ақы, сыйлықтар және басқа ынталандыру төлемдерінің мөлшерін дербес анықтай алады.

24.8. Ынталандыру төлемдері тек еңбекақының кепілденген бөлігі бойынша төленбеген қарызы жоқ болған жағдайда ғана беріле алады.

24.9. Өз қаржысы есебінен еңбекақы бойынша ережені Мектепке дейінгі ұйым (Қатысушылардың жалпы жиналысымен) анықтайды.

24.10. Мектепке дейінгі ұйым қызметкерлерінің құқығы мен міндеттерін Жарғы, ішкі тәртіп ережелері, лауазымдық нұсқаулықтар анықтайды. Педагогтық қызметпен айналысатын адамдар педагогикалық қызметкерлер болып есептеледі. Педагогикалық қызметкерлердің және оларға теңестірілген тұлғалардың лауазым тізбелерін Қазақстан Республикасының Үкіметі анықтайды.

24.11. Педагогикалық қызметкер мынадай құқыққа ие:

- кәсіби қызметі үшін жағдайлармен қамтамасыз ету;
- жалпыға міндетті мемлекеттік стандартты сақтаған жағдайда педагогикалық қызметті ұйымдастыру формалары мен тәсілдерін еркін таңдау;
- ғылыми зерттеулердің тақырыбын және педагогикалық іс-тәжірибеде олардың нәтижелерін пайдалану формаларын еркін таңдау;
- Мектепке дейінгі ұйымдарының басқару органдарының жұмысына Қатынасу;
- қызметте өсу, категориясын жоғарылату мақсатында ұзақ мерзімді аттестация;
- жеке педагогикалық қызмет;
- өзінің кәсіби ар-намысы мен қасиетін қорғауға;
- басқа жеке экономикалық іс-әрекетінің қайнар көзі болып табылатын материалды активтер формасындағы (ғылыми әдістемелік еңбектер, патенттер, бағдарламалық қамсыздандыру, білім беру және ақпараттық технологиялар т.б.);
- білім беру ұйымы әкімшілігінің бұйрықтары мен өкімдеріне шағым беру;
- педагогикалық қызметтегі жетістіктері үшін материалдық және моралдық көтермелеу, мақтау қағазы, құрметті атақ пен, белгілер мен марапаттану.

25. МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІН ТОҚТАТУ

25.1. Мектепке дейінгі ұйымдарының қызметін төмендегі жағдайларда тоқтатылады:

1. Мектепке дейінгі ұйымдарының қызметін тарату немесе қайта ұйымдастыру (бірігу, қосылу, бөлу, бөлініп шығу, қайта құрылу) туралы Қатысушының шешімі бойынша;

2. Қазақстан Республикасының Зандары қарастырған жағдайларда, сот органдарының шешімі бойынша;

3. Қазақстан Республикасының Зандары қарастырған басқа да негіздер бойынша.

25.2. Мектепке дейінгі ұйым қызметінің тоқтатылуы Қазақстан Республикасының Зандары анықтаған тәртіп бойынша тіркелінеді.

25.3. Мектепке дейінгі ұйымның қайта ұйымдастырылуы, Қатысушының шешімі бекіткен негіздерде, Қазақстан Республикасының Зандары анықтаған ережелерді қадағалап, жүзеге асырылады.

25.4. Серіктестікті қайта ұйымдастырғанда, оның барлық құқықтары мен міндеттері мұрагерлеріне оның мирасқорларына ауысады.

26. СЕРІКТЕСТІКТІ ТАРАТУ ТӘРТІБІ

- 26.1. Серіктестікті тарату тәртібі Қазақстан Республикасының Заңдарына сәйкес анықталады.
- 26.2. Тарату туралы шешім қабылдаған Қатысушымені немесе өкілетті мемлекеттік органмен, тарату балансын жасайтын және оны Қатысушының бекітуіне ұсынатын, Тарату комиссиясы тағайындалады.
- 26.3. Тарату комиссиясы Мектепке дейінгі ұйым атынан іс-әрекет жасайды және Мектепке дейінгі ұйымдарының Басшысына Жарғы қарастырған өкілеттіліктерді атқарады.
- 26.4. Тарату комиссиясы тек қана Мектепке дейінгі ұйымдарының ағымдағы істерін аяқтап, несие берушілермен есеп айырысу мақсатымен қажетті мәмілелерге отыруға құқылы.
- 26.5. Мектепке дейінгі ұйым таратылғанда, осы Жарғының күші жойылады.
- 26.6. Несие берушілердің талаптарын қанағаттандырғаннан кейін Серіктестікте қалған мүлік Жарғылық капиталға қосқан салымына сәйкес Мектепке дейінгі ұйымдарының Қатысушысына беріледі.
- 26.7. Серіктестікті тарату тіркелген мезеттен бастап, ол Заңды тұлға құқықтарын жоғалтады және өзінің өмір сүруін тоқтатқан деп саналады.

27. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ

- 27.1. Мектепке дейінгі ұйымдарының істеріне қатысты, Басшысы мен басқа лауазымды тұлғалардың арасындағы даулар келісім сөздер арқылы, немесе шешімдері дауласқан тараптар үшін біржола, және міндетті болатын сот органдарында шешіледі.

28. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

- 28.1. Серіктестікке қатысушының көрсетілген құқықтарын шектейтін серіктестік жарғысының және кез келген басқа да құжаттардың, шешімдердің ережелері маңызсыз болып табылады.
- 28.2. Егер осы жарғының бір ережесі маңызсыз болса, ол қалған ережелердің күшіне әсер етпейді. Маңызсыз ереже құқықтық жағынан мүмкін және мағынасы ұқсас ережемен ауыстырылады.
- 28.3. Жарғыға Қатысушының шешімі бойынша, Қазақстан Республикасының Заңдарына қайшы келмейтін өзгертулер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.
- 28.4. Осы Жарғы қарастырмаған барлық мәселелер Қазақстан Республикасының Заңдарына сәйкес шешіледі.

29. КҮШІНЕ ЕНУ

- 29.1. Осы Жарғы Серіктестікті мемлекеттік тіркеуге алған сәттен бастап күшіне енеді.

ҚАТЫСУШЫ

Қолы:

Аты жөні: Ахметов Руслан Акилханович

